



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 20-11/558 от: 13.03.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына,  
ҚКХП «Халық коммунистері»  
фракциясының мүшелеріне**

2017 ж. 16.02. ДС № 36

**Құрметті депутаттар !**

Мемлекеттік органдардың балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне қатысты мынаны хабарлаймыз.

Интернеттің белсенді контенттік және технологиялық дамуының теріс салдары жалпы әлемдік проблема болып табылады. Үкімет интернет-ресурстардың халықтың қоғамдық санасына теріс әсер етуін болдырмау жөнінде жүйелі жұмыстарды жүргізуде.

Мемлекеттік органдар аталған мәселені бақылау және мониторинг жүргізу, ескерту, анықтау, жауапқа тарту, құқықтық реттеу бойынша шараларды жүзеге асыруда.

Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау тұтастай алғанда бірқатар заңнамалық нормаларда көзделген:

- баланың физикалық, психологиялық және адами дамуына зиян келтіретін телебағдарламаларды таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік («Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексі 452- бап, 9- бөлік);

- баланың рухани және адами дамуына зиян келтіретін ақпаратты таратуға тыйым салу («Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы 39-бап 1-тармақ);

- жергілікті уақыт бойынша 06.00-ден 22.00-ге дейінгі кезеңде «Е 18» индексі бар фильмдер мен телебағдарламаларды көруге шектеу қою («Телерадиохабар тарату туралы», «Мәдениет туралы» Заңдар);

-кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мәселелерінде ата-ананың жауапкершілігі (ҚР Қылмыстық Кодексі 140-бап, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексі 442- бап);

- шетелдік телеарналарды ретрансляциялау кезінде телерадиохабарларын тарату операторларының жауапкершілігі («Телерадиохабар тарату туралы», Заңы 29 бабының 2 тармағы);

- порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалануға тыйым салу («Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 34- бабының 3-тармағы);

- интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету кезінде байланыс операторының міндеттемесі Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған ақпаратқа қолжетімділікті шектеуге міндетті («Байланыс туралы» Заңының 36- бабының, 1-3 тармағы);

- тыйым салынған ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бойынша дереу шаралар қолдануға міндетті («Байланыс туралы» Заңы 41-1 бап, 1-1 тармақ)

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің бұйрығына сәйкес («Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы» 2016 жылғы 26 қаңтардағы №73 бұйрығы) ақпараттық алаңға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп отырады және заңсыз материалдар табылған жағдайда шұғыл түрде шаралар қабылданады.

Қазіргі күнге тәулік бойғы мониторингпен 16 республикалық, 30 өңірлік телеарналар, 30 радиоканалдар қамтылған. Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының аумағындағы интернет желілерінде жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлықты насихаттауды қамтитын 126 топтар мен қоғамдастықты, оның ішінде «Синий кит», «Тихий дом» және т.б. бұғаттау бойынша шаралар қабылданды («ВКонтакте» - 108, «Инстаграмм» - 18).

2017 жылдан бастап Ішкі істер органдарында виртуалды суицидтік бағыттағы ойындарға байланысты 94 өтініштер мен хабарламалар тіркелді, оның ішінде 62 факті бойынша тергеу басталды. Көрсетілген интернет қоғамдастығының әкімшілерін (электрондық мекенжайларын, абоненттік нөмірлерін, IP-мекенжайларын және т.б.), сондай-ақ олардың қатысушыларын анықтау мақсатында шұғыл түрде қажетті тергеу жұмыстары (ұялы телефондарды, жүйелік блоқты, планшеттерді және т.б алу) жүргізілуде.

Алдын алу шаралары ретінде білім беру органдары прокуратура және ата-аналар жұртшылығымен бірлесіп балалардың тәртібі мен бос уақытын бақылауды күшейту бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Аталған проблемалардың себептерін жою және жолдарын анықтау үшін мемлекеттік органдар әлеуметтік зерттеу жүргізуде, олардың нәтижелері бойынша әлеуметтік желілерді неғұрлым белсенді пайдаланушылар айқындалды және педагогтер мен ата-аналар үшін практикалық ұсынымдар әзірленді.

Ақпараттық-коммуникациялық ортада жауапкершілік және қауіпсіздік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектеп пәндері мен курстарының мазмұнында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар көзделген.

Жұртшылықтың назарын балаларды ақпараттың теріс әсерінен қорғауға аудару үшін республикамызда адамдарды 2,5 миллионға дейін қамти отырып, кең

ауқымды акциялар өткізіледі (*флеш - мобтар, ақпараттық кампания, ана-аналар, қоғам қайраткерлері, бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы мамандармен кездесулер*).

Барлық білім беру ұйымдарында балалардың жағымсыз контентке қол жеткізуін шектеуге мүмкіндік беретін қауіпсіздік тетіктерін пайдалануды қамтамасыз ету үшін тәжірибелі программистер мен психологтардың қатысуымен ата-аналар жиналыстары өткізіледі.

Білім беру ұйымдарында 8130 психолог балаларға психологиялық сүйемелдеу қызметін көрсетеді. Педагог-психологтар диагностика бойынша және тәуекел топтарындағы балаларға уақтылы көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді. Өз қызметтерінде олар арнайы әдістемелік құралдарды, бағдарламаларды басшылыққа алады, олар үшін жүйелі түрде біліктілігін көтеру курстары өткізіледі.

Балалардың психикалық денсаулығына зиян келтіретін «Синий кит», «Тихий дом» сияқты т.б. ойындардың әлеуметтік желілерде пайда болуына байланысты шұғыл түрде мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен отырыстар өткізілді. Онда кәмелетке толмағандар арасында суицидті насихаттаудың таралуына, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы таралуына жол бермеу жөнінде нақты шаралар қабылдау мәселелері талқыланады. Жергілікті атқарушы органдарға ата-аналармен жұмысты күшейту туралы ұсыным хаттар жолданды. WhatsApp мессенджер арқылы ата-аналарға ұсынымдар таратылды.

Балалардың адамгершілік-рухани тәрбиесіне үлкен назар аударылып келеді. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа білім беру деңгейіне сәйкес өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін күшейтуді көздейтін өзгерістер енгізілді. Шаралар ретінде білім беру ұйымдарында қандай да бір діни сенімді тікелей немесе жанама түрде насихаттауды болдырмау үшін мектеп нысанына қойылатын бірыңғай талаптар енгізілген болатын (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 ақпандағы № 26 бұйрығы*).

Қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайту мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттары ««Мәңгілік ел» патриоттық актісінің негіздері мен құндылықтарын, ақпараттық ілгерілету әрі түсіндіру және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру», «Отбасылық құндылықтарды ақпараттық ілгерілету мен түсіндіру», «Отбасы және неке институтын нығайту, ана мен баланы қорғау» шеңберінде арнайы бағдарламалар әзірленіп жатыр. Республикалық телеарналар эфирінде «Менің Қазақстаным», «Иман айнасы», «Сенбілік таң», «Салем Қазақстан», «Көңілашар», «Табыс сыры» (*«Қазақстан» телеарнасы*), «Біздің үй», «Әр үйдің сыры басқа», «Өмір жолы» (*«Хабар» телеарнасы*), «Мәдениетке саяхат», «Қалаулы кәсіп», «Дархан дала» (*«Хабар24» телеарнасы*) және басқа да бағдарламалар шығуда, «Айман-Шолпан», «Бәсеке», «Өгей жүрек», «Шекара шебінде», «Құстар әні», «Қара шаңырақ» атты отандық телесериалдар, отбасылық құндылықтар мен еңбек адамы насихаттауға бағытталған «Мамандығым – мақтанышым», «Еңбек адамы», «Мерейлі отбасы», «Көктем шуағы» және басқа да роликтер циклы көрсетілуде.

2016 жылы «Еңбек адамы» тақырыбы бойынша БАҚ-та 6 390 материал (*электронды БАҚ-да - 533 сюжет, баспа БАҚ-да - 739 мақала, интернет-ресурстарда - 741 материал, аймақтық БАҚ-та – 4 377 материал*), отбасылық құндылықтар тақырыбы бойынша 13 365 материал (*электронды БАҚ-да – 2 552 сюжет, баспа БАҚ-да – 3 472 мақала, интернет-ресурстарда – 1 915 материал, аймақтық БАҚ-та – 5 426 материал*) жарияланды.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілердің өскелең ұрпаққа ықпалы мен қарқынды өсу маңыздылығын ескере отырып, аталған саладағы заңнамаларды жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Атап айтқанда, қазіргі уақытта мемлекеттік органдар балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының шеңберінде қосымша нормалар әзірлеуде.

Бұдан басқа, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның таяудағы отырысының күн тәртібіне енгізіліп, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру және аталған мәселе бойынша олардың жауапкершілігін күшейту бойынша нақты ұсынымдар әзірленетін болады.

Сонымен бірге мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шеңберінде балалардың қауіпсіздігін, оның ішінде интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар мен барынша күш-жігер қабылдап жатқанын хабарлаймыз.

Аталған бағыттағы жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше бақылауында болады.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**